

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетінің өткізілуі туралы қорытынды есебі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ҚР БҒМ-нің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 59 шартты орындау мақсатында **«Менің Отаным – Қазақстан» – «Ұлы Дала Елі» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слеті** (бұдан әрі - Слет) 2016 жылғы 13-14 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Біркөлік шатқалындағы «Бәйшешек» лагерінде өткізілді.

Слет – бұл республикада балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға, отансүйгіштікті және азаматтық сезімді тәрбиелеуге, жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, олардың қабілеттерін ашуға, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық өмірге бейімделуіне, бос уақытын маңызды өткізуге бағытталған әлеуметтік-білімділік жоба.

Слетке облыстардан, Астана және Алматы қалаларынан 160 адам қатысты. Слетте өлкетану зерттеу жобаларын қорғау, тұрған орнында бағдарлау бойынша жарыстар, жартастарға өрмелеу, кедергілер жолағынан өту, «Ұлы дала елі» Қазақстан халқының достығы фестивалі қарастырылған.

Слет номинациялары.

1. «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-экспедициялық маршруттарды презентациялау. Әр топ «Ұлы Дала» тақырыбында туристік маршруттың презентациясын ұсынды.

2. «Туған өлке соқпақтары» өлкетану зерттеу жобаларын қорғау. Қатысушылар «Ұлы дала перзенттері» өлкетану зерттеу жобаларын қорғады.

3. «Қазақстан жері - туристік өлке» практикалық кезең.

а) «Туристік бақылау маршруты». Туристік бақылау маршруты туристік жорық ретінде өткізілді, оған өлкетану, туристік техника және тактика, топография, бағдарлау, жартасқа шығу, алғашқы медициналық көмек көрсету элементтері кірді. Маршрут кезінде топ өз бетінше тактика мен қауіпсіз өту жолдарын таңдап, әр түрлі қиындықтарды жеңді.

«Тұрған орнында бағдарлау» номинациясында топ картада белгіленген бағыт бойынша бақылау пунктін анықтап, тауып және белгі қойды.

«Жартастарға шығу» номинациясында қатысушылар табиғи рельефтегі трассадан өтті.

«Топографиялық белгілер» номинациясында әр қатысушы карточка арқылы 10 топографиялық белгілерді анықтап, суретін салды.

«Кедергілер жолағы» номинациясында топ табиғи және жасанды кедергілерді жеңуі қажет болатын. Кезеңдері: параллель сүйеніш жіп, асылма өткел, суды кешіп өту, төмпешіктер арқылы өту, маятник, траверс, құлама беткейге көтерілу және түсу.

«Ұлы дала елі» Қазақстан халқының достығы фестивалі (үй тапсырмасы): ұлттық салт-дәстүрдің, халық әндері мен билері және тағы басқа театр қойылымдары.

Слетке қатысушыларға «Робинзонада» туристік тәсілдер элементтері көрсетілген шеберлік сағаттар өткізілді. Балаларға келесі жарыстардың түрі

ұсынылды: түйінді байлау, шатырды орнату, рюкзактарды салу, от жағу, «сыйлық» байқауы және т.б.

Слет номинацияларын 12 әділ қазылар мүшелері: Оңтүстік Қазақстан облысы педагогикалық институтының, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің педагогтері, Қазақстан Республикасының спорттық туризм Ұлттық федерациясының, Кәсіпкерлік индустриалы-инновациялық даму және туризм басқармасының өкілдері, тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері бағалады.

Слеттің салтанатты жабылуы мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Алматы облыстарының, Астана және Алматы қалаларының жүлделі орындарға ие болған топтары дипломдар (39 дана) және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Слеттің қатысушыларына сертификаттар (160 шт), Оңтүстік Қазақстан облысының Жас туристер станциясы мамандарына, жеңімпаздардың педагогтере алғыс хаттар (51 шт). табыс етілді.

Әділ қазылар мүшелері жңімпаздарды анықтады.

«Менің Отаным - Қазақстан» туристік-экспедициялық маршруттарды презентациялау номинациясында:

1 орын – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шпота Валерия;

2 орын – Батыс Қазақстан облысы, Әділова Камила;

3 орын – Астана қаласы, Сұлтанова Әнел.

«Туған өлке соқпақтары» өлкетану зерттеу жобаларын қорғау номинациясында:

1 орын – Батыс Қазақстан облысы, Қадыржанов Жандос, Құбашев Көсем;

2 орын – Қарағанды облысы, Давыдова Арина;

3 орын - Маңғыстау облысы, Тыйлова Акбаян, Нурғалиева Лаура.

«Тұрған орнында бағдарлау» номинациясында:

1 орын – Шығыс Қазақстан облысы, Моисеев Артем;

2 орын – Оңтүстік Қазақстан облысы, Касимов Никита;

3 орын – Павлодар облысы, Есин Глеб.

«Жартастарға шығу» номинациясында:

1 орын – Алматы қаласы, Картбай Абылай, Орынбай Динара;

2 орын – Астана қаласы, Жарылқасым Арайлым;

3 орын – Алматы облысы, Секман Тілеубек, Жуковская Валерия.

«Топографиялық белгілер» номинациясында:

1 орын – Қостанай облысы, Тулебаев Алишер;

2 орын – Солтүстік Қазақстан облысы, Котельников Даниил;

3 орын – Павлодар облысы, Конюхова Евгения.

«Кедергілер жолағы» номинациясында:

1 орын – Батыс Қазақстан облысы, Кенжемұрат Темірлан;

2 орын – Астана қаласы, Сапаров Кайыржан;

3 орын – Ақтөбе облысы, Кыдыралина Диана.